

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(20) қазан-желтоқсан 2019
ISSN 2710-3994

Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромиле (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ӘОЖ 94(574).084.6

АЛЖИР ҚАСІРЕТІ: АЗАП ШЕККЕН АНАЛАР ЕСТЕЛІГІНДЕ

Омарова Г.Ә.

Ғылыми қызметкер, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты.
Алматы қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Мақалада сталиндік лагерьде отырған тұтқындар категорияларға бөліп қарастырылады, соның ішінде төртінші категория - «Отанын сатқандардың отбасы мүшелерін» жіктеп, талдау жүргізілді. Олардың қатарына Отанын сатқандардың отбасы мүшелері, екінші бөлігіне қылмыскерлер, алыпсатарлар, қауіпті қылмыскерлерді жатқызуға болады. Лагерьлік өмірді басынан өткізген куәгерлердің естеліктерін өзара салыстыра отырып, жазасын өтеушілердің лагерьде айналысқан шаруашылықтары, тігін фабрикасының құрылу тарихы айтылады. Сондай-ақ лагерь құрылған кезден бастап Қарлагтың Ақмола бөлімшесінің басшылары, яғни айдауылдардың (надзиратель) қызметтері баяндалады. Сонымен қатар, лагерьдегі балалардың тағдыры көрсетіледі.

Түйін сөздер: АЛЖИР, ГУЛАГ, қуғын-сүргін, еңбекпен түзеу лагері, отанын сатқандардың отбасы мүшелері, балалар тағдыры, айдауыл (надзиратель).

ГОРЕСТИ АЛЖИРА В ВОСПОМИНАНИЯХ МАТЕРЕЙ-УЗНИЦ

Омарова Г.А.

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, научный сотрудник, магистр
г. Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются узники сталинских лагерей с подразделением их на категории, в том числе выделяются по группам и анализируются «Члены семей врагов народа». К их числу можно отнести членов семей предателей Родины, ко второй группе – преступников и опасных преступников, спекулянтов. Сопоставляя между собой воспоминания свидетелей, прошедших через лагерь, автор пишет о занятиях осужденных в лагерях, истории строительства швейной фабрики. Кроме того, говорится о начальниках Акмолинского отдела Карлага, а именно о службе надзирателей. Наряду с этим, показана и судьба содержащихся в лагерь детей.

Ключевые слова: АЛЖИР, ГУЛАГ, репрессии, исправительно-трудовой лагерь, члены семей изменников Родины, судьбы детей, надзиратели.

THE SORROWS OF ALGERIA IN THE MEMORIES OF MOTHERS-PRISONERS

Omarova G.

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Research Fellow, Master's in History
Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article considers the prisoners of Stalin's camps with their division into categories, including groups and analyzes «Family members of enemies of the people». These include family members of traitors to the Homeland, the second group consisted of criminals, dangerous criminals,

speculators. Comparing the memories of witnesses who passed through the camps, the author writes about the occupations of convicts in the camps, and the history of the construction of a sewing factory. In addition, the paper describes the heads of the Akmola Department of the Karlag, namely, the service of supervisors. Along with this, the fate of the children held in the camps is shown.

Keywords: ALGERIA, the GULAG, repression, forced labor camp, family members of traitors of the Homeland, the fate of the children, supervisors.

Кіріспе

XX ғасырдың 30-жылдарындағы сталиндік саяси-қуғын-сүргін саясаты қоғамдағы адам санасына салған «жара» тарих бетінде қатталып, адамзат жадында мәңгілікке қалады. Бұл зобалаң жылдар зұлматы талай ұрпақтың санасына өшпестей із қалдырып кетті. Бұл саясат қазақ халқының да тағдырына барынша әсер етті. Ұлт зиялыларымен қатар, олардың отбасы да аяусыз қудалауға ұшырады. Оның жарқын дәлелі қазақ даласындағы жаппай салынған жазасын еңбекпен түзету лагерлерінің біріне айналған «АЛЖИР» екені даусыз. Әйел мен аналарды жазықсыз қудалап, сәбилерінен күштеп айырған зұлматты бұған дейін бұрын-соңды бастан өткермеген халық едік. Ер-азаматтармен бірдей саяси қуғын-сүргінге ұшыраған аналарымыз 1937 жылдың зұлматынан сырт қалмады. Жазықсыздан жазықсыз «Отанын сатқандардың Ақмола лагеріне» қамалды.

Материалдар мен әдістер

АЛЖИР-де тұтқындалған жазықсыз жазаланған әйелдердің естеліктері негізінде, сонымен қатар Астана қалалық мемлекеттік мұрағат қойнауларындағы деректер негізінде мақала әзірленді. Зерттеу жұмысында деректанудың негізгі үш принципі басшылыққа алынды. Методологиялық негізін жалпы тарих ғылымындағы методтар мен арнайы әдістер қолданылды. Соның ішінде салыстырмалы талдау мен синтез, тарихилық принцип, объективтілік, жүйелік әдіс, т.б.

Талқылау

Тәуелсіздік алған соң мұрағаттағы дерек көздеріне зерттеушілердің қол жеткізуі сталиндік кезеңнің ақиқатын танып-білуге, яғни сапалы зерттеулердің жариялануына әкелді. Сондай-ақ АЛЖИР-ге арналған мақалалар мен саяси қуғын-сүргінді басынан кешірген аналардың естеліктері де мерзімдік басылымдарда жарияланды. Қазақстандық ғалымдар да жазықсыз жазаланған аналар тағдырын зерттеуге өзіндік үлес қоса бастады. Мәселен, А.Р. Кукушкинаның еңбегінде «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінің құрылуы мен қызметі (XX ғ. 30-40 жж.) талданады [Кукушкина, 2002: 184]. Мұнда ГУЛАГ жүйесінің құрылуы, АЛЖИР-дегі ауыр жағдай, әйелдердің ақталу процесі құнды дерек көздері негізінде жазылғанымен саяси баппен сотталған әйелдердің тағдыры терең зерттелмеген. Сондай-ақ АЛЖИР-дегі тұтқын әйелдердің әлеуметтік құрамы мен саны түрлі мәліметтерде түрліше көрсетілгендігін де ескертеді. Сонымен қатар, С.Д. Дильмановтың «Исправительно-трудовые лагеря на территории Казахстана (1930-1956 гг.)» атты 2002 жылғы диссертациясында сталиндік лагерьде отырған тұтқындарды мынадай 4 категорияларға бөліп қарастырады: а) «Тұрмыстық негізде қылмыс жасағандар» (бытовика), б) Қылмыскерлер (58, 35-баптардан басқа қылмыстық кодекстің барлық баптарымен сотталғандар), в) Саяси қылмыскерлер (58 бап), г) «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» (ЧСИР). Ал, Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. лагерьлерді зерттеп қана қоймай, Ақмола лагеріне жеке бір тарау арнаған [Шаймуханов, Шаймуханова, 1997]. Алайда, Қазақстандық әйелдердің қуғындалу тарихы терең көрсетілмейді. С.Д. Шаймуханованың [Шаймуханова, 2000] еңбегінде ПХК қызметкерлерінің көпшілігінің заңсыз іс-әрекетке барғандығы, ГУЛАГ-тың Кеңес мемлекетінің

ішіндегі ірі империяға айналғандығы айтылады. Осы кітаптың бір тарауында «АЛЖИР» тарихы баяндалады. Сондықтан АЛЖИР тақырыбында толыққанды зерттеу жүргізу қажеттілік деп есептедік.

Нәтижесі

Тарихшылар сталиндік лагерьде отырған тұтқындарды мынадай категорияларға бөліп қарастырады: а) «Тұрмыстық негізде қылмыс жасағандар» (бытовики), б) Қылмыскерлер (58, 35-баптардан басқа қылмыстық кодекстің барлық баптарымен сотталғандар), в) Саяси қылмыскерлер (58 бап), г) «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» (ЧСИР).

Бірінші категорияға «Бытовиктерге» қылмыстық кодекстің, соның ішінде 162 (ұрлық), 59 (қарақшылық) және т.б. баптар бойынша сотталғандар кіреді.

Екінші категорияға қылмыстық-қарақшылық элементі немесе кәсіби қылмыскерлер: ұрылар, кісі өлтірушілер және т.б. жатады.

Үшінші категорияға «Саяси қылмыскерлер», бұлардың өзі бірнеше топтан тұрды.

Төртінші категория «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» [1, 140-б.].

Төртінші категорияның өзін жіктер болсақ, олардың қатарына Отанын сатқандардың отбасы мүшелерін, екінші бөлігіне қылмыскерлер, алыпсатарлар, қауіпті қылмыскерлерді жатқызуға болады.

Әйелдер мен балалардың қамалуына 1937 жылғы 15 тамыздағы №00486 Ішкі істер халық комиссары Н. Ежовтың жедел бұйрығы тікелей әсер етті. Бұйрықта: «Осы бұйрықты алғаннан соң 1936 жылдың 1 тамызынан бастап бірінші және екінші категория бойынша әскери Алқа және әскери трибуналда айыпталған оңшыл-троцкистік тыңшылық-диверсиялық ұйымдар мүшелері, Отанын сатқандар әйелдерін репрессиялауға кірісіндер» деп ашық айтылды [2]. Саяси қуғын-сүргіннің кең көлемде жүргізілуінің салдарынан «Отанын сатқандардың» әйелдеріне арналған лагерьлер көптеп құрыла бастайды. ГУЛАГ жүйесіндегі лагерьлерде тіпті «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» үшін арнайы лагерьлер пайда болды. Атап айтатын болсақ, КСРО аумағында әйелдерге арналған: АЛЖИР, Горький қаласынан 40 шақырым қашықтықтағы Темников лагері, Фрунзе қаласынан (қазіргі Бішкек қаласы) 100 шақырым жердегі Джангир лагері және Потьмадағы Темников лагерін атап өтуге болады. № 00486 бұйрықта «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» атанып, сотталған әйелдердің барлығын Темников лагеріне жөнелту айтылған болатын. Қазақстан аумағында «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» үшін КСРО ПХК 1937 жылғы 3 желтоқсандағы №00758 бұйрығының Қарағанды лагері құрамында және Карлаг басқармасы бастығының 16 желтоқсандағы №0043 бұйрығымен Ақмола арнайы бөлімшесі ұйымдастырылды [3].

АЛЖИР-де тұтқындалған жазықсыз жазаланған әйелдерді шынымен қылмыс жасаған (адам өлтірген, адам тонаған) әйелдермен бірге қамау үрдіс алды. Түрмелердегі қылмыскер әйелдерді түрме тілімен «урки» деп аталған. Мысалы, Соколова Нина Иванова өз естелігінде, «...Құлағымнан балалардың, әйелдердің жылаған дауыстары кетпейді. Алайда, түрмелерде рецидивистер - «уркилер» де болды. Оларды түрме өмірі шошындырмады [4, с.119]. «Урки» өздерін еркін әрі озбыр ұстады. Тіпті, өзге әйелдердің жеке заттарын тартып та алатын еді. Олар айдауылдармен дөрекі сөйлесетін. «Уркилер» әйелдердің әдемі киімдерін тартып алып, қарсылық көрсеткендерді ұрып-соғатын еді. Бұл жағдай мен үшін жабайы, әрі өте қорқынышты болды. Үлкен әйелдер біздерге «бәріне шыдау керек, төзу керек» дейтін. Мәдениетті, оқыған әйелдер өздерін түрмеге қамап, балаларын тартып алғанда «өз халқына жасалған қандай заңсыздық» деп те жылап жүрді. Ешқайсысы өздерінің жесір қалғандығын білмеді де. Әйелдер жеке камералардан өлердей қорқатын. Олардың көпшілігі балалары мен күйеулерін ойлап қана өмір сүрді» [3, с.122].

Төртінші категория бойынша сотталған әйелдер еңбекпен түзету лагерлерінде халық шаруашылығын дамытуға көп үлес қосты. Қазақстан лагерлерінде де, ГУЛАГ-та қолданылған мәжбүрлеп еңбек еткізу әдістері кеңінен пайдаланылды. Норма орындалмаған жағдайда әртүрлі қысымдар жасалды. Мысалы: күндік тапсырманы (норма) орындамағандарға берілетін нан мөлшері қысқартылды; атқарылатын жұмыс дені сау және дімкәс, науқас әйелдерге де бірдей болды. Ал, егер де бір күндік жұмыс нормасы орындалмаса 18 сағат, тіпті одан да көп жұмыс жасатқызған. Сотталған аналар лагерьде өздеріне жұмсалған шығынды еңбегімен өтеп қана қоймай, сонымен бірге мемлекетке табыс әкелуге де міндетті болды. Айыпталғандарға ана ретінде ғана емес, адам ретінде де қарамай, ауа-райы да ескерілмей, ауыр жұмыстарды жасатқызған [5]. РСФСР еңбекпен түзету кодексінде «Пища работающим заключенным увеличивается в соответствии с количеством затрачиваемой энергии» - деп жазылғанымен, іс жүзінде жағдай басқаша болды. Сондай-ақ, аталған кодексте тұтқындар еңбегінен түскен таза пайданың 12,5 пайызы сотталғандардың тамағына, ал 40 пайызы тұтқындау орындарындағы өндірісті кеңейтуге, ал 12,5 пайызы түрме, лагерь қызметкерлерін сый-ақымен марапаттауға бөлінетіндігі ескертіледі [6, с. 7].

Түрмелердегі әйелдер жағдайының адам төзгісіз болғандығы туралы мәліметті, сотталған аналардың естеліктерінен ғана көре аламыз. Себебі, 1925-1938 жылдардағы ЕТЛ, ЕТК және түрме құжаттарында аталған мәселе төңірегінде әңгіме де қозғалмаған. Түрмелерде тұтқындар санының шектен тыс көп болуы және аурулардың көптігі туралы деректерді мұрағаттардан жиі көруге болады.

Қарлагтың Ақмола бөлімшесінде «Отанын сатқандар» әйелдері лагерінде соғыс кезінде жағымды жағдайдың қалыптасқанын, әйелдер сегіз сағат жұмыс істеп, балаларымен бірге тұрып, барлық медициналық қызмет көрсету салалары болды деп көрсетеді кейбір құжат деректерінде. АЛЖИР-дегі әйелдер 10 мың га егістік жерге бидай, арпа, тары, сұлы сияқты дәнді дақылдар еккен, ал 210 мың га суармалы жерге картошка, капуста, қызылша, сәбіз, помидор, қияр және пияз көкөністерді өсірген. Сонымен қатар 500 бас сиыр және 500 бас жылқы өсіретін 2 ферма болған. Ауыл шаруашылық жұмысынан бөлек 2000 әйел қызмет ететін тігін фабрикасы мен тоқыма өндірісі жұмыс істеді. Жазасын өтеп жатқан әйелдердің кейбірі көп жылдық тәжірибесі бар, білімді аналар еді. Атап өтетін болсақ, бас агроном қызметін ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты Е.А. Сенцова, аға зоотехник қызметін Н.С. Савельева, мал дәрігері қызметін К.М. Дедкова, көкөніс өсіруші-агроном, суармалы егістің меңгерушісі А.И. Руденко атқарған. Ал, тігін фабрикасын тәжірибесі мол маман М.Л. Анцис басқарды. Осы фабриканың құрылуына да, жұмыс жасауына да атсалысып, ұйымдастырушысы да өзі болды. Ол 1899 ж. 27 сәуірінде Харьков облысы Любарский ауданы еврей отбасында дүниеге келген. Ұсталғанға дейін ІҮ-1936 – ІХ-1937 жылдар аралығында Джерзинский атындағы тігін фабрикасының директор қызметін атқарған еді.

М.Л. Анцис лагерьге келгеннен кейін басынан өткен ауыр оқиғаларды, күйеуінен, бала-шағасынан қол үзуі, т.б. қиын естеліктерден арылып, бір сәтке болса да ойын бөлуге ұмтылған. Содан басшыларға тігін фабрикасын, кірпіш зауытын, электростанция, қазандық, монша, асхана салуды ұсынады. Сөйтіп Қарлагтың басшысы Линин бастаған комиссия мүшелері мен жазасын өтеп жатқан әйелдер арасында 2 сағаттық келіссөз жүргізіліп, кездесудің нәтижесінде тігін фабрикасы салынатын болып шешім қабылданады. Анцис өз естелігінде Қарлаг басшысы Лининнің: «Нам понятно ваше волнение. Можем сообщить вам невеселые вести. Мужья ваши расстреляны, как враги народа. Дети ваши в детских домах, от вас отказались Советская власть их воспитает настоящими людьми, преданными советской власти. А вам придется организовать жизнь свою в этой степи. Вам придется работать, но без вредительства» деп айтқан сөзін еске алады [7, с.96]. Арине бұл тігін фабрикасының құрылысын жазасын өтеп жатқан аналар өз

қолдарымен салды. Фабрикаға керек жабдықтарды Украинадан алдырды. Бұл жабдықтарды құрастырып оны орналастыру үшін жаңадан институт бітіріп келген жас инженер-механик мамандарды О.Ф. Мелик, Л. Марева, Л. Каменская, Л. Степанова, Л. Кравченко, Н. Енукидзе, Л. Шорды жұмысқа тартты.

Ал О. Матронин бастаған инженер-құрылысшылар тобы кірпіш өндіруді ұйымдастырып, шикізаттың бар-жоғын анықтап, кірпіш зауытының құрылысын салуды есептеуді жасады. Құрылысшылар бригадасының басшысы болып инженер-құрылысшы Р. Шведчикова тұрды, оның көмекшілері Л. Золотова мен В. Зайцева болды. Саман кірпіш жасау үшін қамысты торпаққа араластырып балшықты жалаң аяқ иледі, сосын оны ағаштан жасалған қалыпқа салып кептірді. Бір кірпіштің салмағы 16 килограмм еді. Көпкен кірпішті тас қалаушы басқа бригадаға беріп олар қабырғалар тұрғызды, әрине осының бәрін қолмен жасауға тура келді [7, с.96].

Бұл фабрика соғыс жылдары майданда жүрген солдаттарды әскери киімдермен қамтамасыз етіп отырды. Жазасын өтеп жатқан әйелдерге де қыстық, жаздық, яғни өздеріне қиетін киімдерді сол фабрикада тігіп киді. Негізінен фабрикаға шикізатты Ивановадан, Тейковадағы тігін фабрикасынан, Барнаул мен Ташкенттегі комбинаттардан алды. Фабрикада жұмыс істеп жүрген әйелдер: «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» деген ұранмен тоқтаусыз жұмыс атқарған. Сөйтіп олар 1942 жылы 1 млн рубльге дейін табыс алып келген [8, 3-4-пп.,7-п.].

«АЛЖИР»-дегі ауыр жағдай туралы Мария Даниленко: «Біздер 25, 35, 50 градус салқындық пен 50 градус ыстықта да жұмыс жасадық. Бір жаз ішінде әйелдер 18 құрылыс объектілерін салдық деп өз естелігінде жазады...» [9, с. 82].

Осы аталған лагерьде жазасын өтеген Уәзипа Майжолова-Күленованың естелігіне мән берсек: «Лагерьде таңғы сағат төрттен кешкі сағат алтыға дейін үзіліссіз жұмыс жасайтынбыз. Ет дегенді көрмейміз. Жұмыс басына түсте бір булочка мен шәй алып келеді. Орыс, грузин, армян, қазақ әйелдері барлығымыз бір кісіден туғандай бір-бірімізге жанымыз ашып тұратын. Бірде мен, Ақмоланың боранды қысты күндерінде, лагерьдің шығыс жағындағы қамыс көлге түсіп кеттім. Өрең дегенде шықтым. Үсті-басымның бәрі мұз болып қатып, денеме киімдерім жабысып қалған. Күзетшіге баракқа барайын десем, қашып кетеді деп жібермеді. Содан кешке келіп, барактағы әйелдер денемдегі жабысып қалған киімдерімді жібітіп, мені босатып алды. Сол оқиғадан кейін қазір менің тырнақтарымның бәрі аппақ цемент сияқты опырылып түсіп жатады [9, 170-б.]» – деп, өз естелігінде лагерьдегі әйелдердің ауыр жағдайын көрсетеді.

